

Ш. О. БИДАШОВА

(Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Аннотация. Мақалада, еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси өміріндегі үлкен өзгерістерге байланысты қыншылыққа ұшыраған тұрғындардың әл-ауқатын түзетуге, мұқтаж адамдарға көмек қорсететін әлеуметтік жұмыс мамандығының елімізде пайда болуы мен қалыптасуы қарастырылды. Қазақ қоғамында әлеуметтік көмек ертеде туысқандық көмек, камкорлық көрсету ретінде орындалғаны және казіргі кезеңдегі әлеуметтік жұмыс ғылыминың дамуына үлес қосқан ғалымдар еңбектері көлтіріледі.

Тірек сөздер: әлеуметтік жұмыс, заңдар, бағдарлама, ұйым, әлеуметтік, экономика, технология, мамандық, әлеуметтік саясат, әлеуметтік қорғау, әлеуметтік мәселелер.

Ключевые слова: социальная работа, закон, программа, экономика, технология, специальность, социальная политика, социальная защита, социальная проблема.

Keywords: social work, law, program, economy, social policy, social protection, social problem.

Еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізгенен бастап еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси өмірінде үлкен өзгерістер басталды. Елдегі экономикалық дағдарыс халықтың әлеуметтік жағдайын төмендettі. Өтпелі экономикалық дағдарыс кезінде халықтың әлеуметтік жағдайының төмендеуі, қыншылыққа ұшырауы әлеуметтік жұмыс көсібінің қажеттілігін тудырды.

Мемлекеттің әлеуметтік саясатындағы басты міндет – қазақстандықтардың өмір сүру деңгейін көтеру. Сондықтан да Елбасы «Қазақстан–2030» және «Қазақстан–2050» Стратегиясында және жыл сайын халыққа Жолдауларында әлеуметтік мәселені қалыс қалдырыған емес.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: Қазақстанда мемлекет – әлеуметтік жаңғырту үдерістерінің бастамашысы және басты қозғаушы күші дей келіп, әлеуметтік жаңғырту бүкіл қоғамның, әрбір қазақстандық отбасы мен әрбір қазақстандықтың өміріне шынайы сезінерліктеі оң өзгерістер әкелуге бағытталған нақты қадамдарды талап етеді және ол мемлекетке емес әрбір азаматқа қызмет етуі [1], – деп атап қорсеткен болатын.

Еліміздегі әрбір отбасы мен әрбір адамның әлеуетінің, тұрмыс тіршілік деңгейінің көтерілуі, әлеуметтік жағдайдың тұрақты болуы, елдегі жүргізіліп жатған әлеуметтік қорғау жүйесінің орнықтылығына байланысты. Халықты әлеуметтік қорғау, қолдау әлеуметтік жұмыстың жүргізілуі арқылы іске асырылады.

Әлеуметтік жұмыс мамандығы шетелде он тоғызынши ғасырдың соны мен жиширмасынши ғасырдың басында қалыптасса, біздің еліміз үшін – жана кәсіп, жана мамандық, жана ғылым болып табылатын әлеуметтік жұмыс XX ғ. 90-жылдарындаған қалыптасып, тәжірибе жинау үстінде. Бұл жөнінде отандық ғалым Л.Т. Қожамқұлова өзінің ғылыми еңбегінде «Шетелдің өзінде әлеуметтік жұмыс жеке мамандық ретінде және оқылатын пән ретінде өзін тек екінші дүние жүзілік соғыстан кейінған дәлелдеді» [2], – деп қорсетеді.

Қоғамдағы өзекті мәселе адам мәселесі болғандықтан, адамдардың мұқтаждықтарын қанағаттандыру барысында әлеуметтік жұмыс мамандығы, әлеуметтік қызметкер пайда болып, қалыптасты. Елімізде әлеуметтік жұмыс мамандығының өзіндік тарихы, өзіндік кезеңдері бар.

Қазақ еліндегі әлеуметтік жұмыстың қалыптасуын кезеңдерге бөліп қарастырғанда еліміздің әлеуметтік-экономикалық, ұлттық құндылықтары мен тарихи дамуын байланыстырып қарастырғанымыз жән. Елімізде әлеуметтік жұмыс мамандық ретінде 90-жылдарға дейін белгілі болмаса да, мұқтаждыққа ұшырағандарды қолдау, қорғау мақсатында адамзаттың пайда болуымен бірге «қайырымдылық», туысқанға «жанашырлық», «қамкорлыққа алу» мағынасында белгілі. Мұндай көмек адамдар бастарына қыншылық түскенде, ауырып қалғанда, жоқшылыққа ұшырағанда, қартайғанда бір-біріне ракымшылдық көрсетіп, адамгершілік таныту ретінде көрінді. Қазақ қоғамында орын алған әлеуметтік қайшылықтарды шешуді бір жүйеге көлтіріп, реттеп отыру рулық, туысқандық өзара көмек көрсетуде жылу жинау, асар, үме, сауын беру, шүлен тарту,

сияқты көшпелі қауымға сай өзара көмек берудің қалыптасқан дәстүрі бойынша шешіп отырган. Бұл дәстүр қазақ халқының басқа ұлттан ерекшелігін көрсетеді. Қоріп отырганымыздай елдегі әлеуметтік қайшылықтарды шешуге бағытталған бұл іс-әрекеттердің өзіндік мән-мазмұны бар. Бұл кезде әлеуметтік жұмыс мамандық ретінде, ғылым ретінде белгілі болмаса да, адамдардың жақындарына жасаған ізгі көмектерінен әлеуметтік құбылыстың әрекеттерін көруге болады. Қазақ қоғамында әлеуметтік жұмыстың функционалдық қазметтерін көріп отырганымыздай отбасы, ру атқарған. Осы дәстүр арқылы қазақ қоғамында жүргізілген агартушылық, филантропиялық, медициналық көмектерді жүзеге асыру қамтамасыз етілді және кенестік кезеңге дейін қазақ елінде жетімханалар, қанғыбастар, үйсіздер сияқты әлеуметтік категориялардың болуына да жол бермеді. Жетімін жылатпайтын қазақ халқы қамқорлықсыз қалған балаларды туыскандары паналатып, бір жағынан аш, жалаңаш қалдырмаса екінші жағынан шаруашылыққа қолғабыс ретінде жұмсаған. Халқымыздың бойындағы осындаиды адами құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырды. Міне, тарихтан белгілі халқымызда өртеден жалғасып келе жатқан қайырымдылық, туысқанға жана-шырлық үрдісі бүтінгі таңда Қазақстанда әлеуметтік жұмыстың мамандық ретінде қалыптасып, ғылыми тұрғыда дамуына өз септігін тигізді.

Екінші кезең кенестік дәуірдегі өкіметінің жүргізген саясатымен тікелей байланысты. Қазақ еліндегі әлеуметтік жұмыстың жүргізуі 1917 жылғы төңкерістен кейінгі Кенес дәуірінің қалыптасуымен елде орнаған әлеуметтік, саяси, экономикалық ахуалдың (жоқшылық, кедейшілік, жетімдердің көбеюі, т.б.) әсер етуі. Себебі, Кенес үкіметі орнағанда елдің тұрмыс деңгейі төмен болды. Халықтың басына түсken әлеуметтік кыншылықтармен құресу үшін сол кезде қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар құрылды. Елде 1921–1922 жылдары болған аштықтан зардал шеккен халыққа жәрдем ету мақсатында ақысыз асханалар, панасыз қалған балаларға балаларға үйін ашу туралы декреттер қабылданды. Мемлекет тарапынан еңбек етушілердің жағдайларына көңіл қою мақсатында сауатсыздықты жою, тегін дәрігерлік жәрдем беру, мүгедектерге, қарттарға, жесірлер мен жетімдерге әлеуметтік көмек көрсету жүйесі қалыптасты. Кенестік кезеңде жыл сайын болатын партия съездері мен қабылданған қаулыларда халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған мәселелер қаралып, жарияланып отырды. Осы орайда жастар арасындағы жұмыссыздықты жою, көп балалы отбасыларға жәрдемақы беру, зейнеткерлерге зейнетакы беру, баспанамен қамтамасыз ету, тегін білім беру, дәрігерлік жәрдем көрсету, орта мектепті және жогары оқу орнын бітіргендерді жұмысқа орналастыру, халыққа қолдау көрсету сияқты жұмыстармен қатар, еңбек етушілерге ем алу үшін жылына бір рет демалыс үйлері мен санаторийлерге жіберумен қамсыздандыратын Бүкілressейлік «әлеуметтік қамтамасыз ету» фонды құрылды. Сонымен бірге еңбекті қорғауға зор көnl өлініп, әлеуметтік құқық жүйесінің жаңа тенденциялары дамып жүзеге асты. Осындаиды көмекке арқа сүйеген халықтың санасында «мемлекет бәрін беруші, асыраушы», деген түсініктің қалыптасуы «еңбектену арқылы тұрмысымды жақсы жаққа өзгертемін, жақсы тұрмыс кешемін», дегенді ойландырмады. Тұрмыс деңгейін көтеруге кедергі болған кенестік азаматтарға өз ақшасына үй, жер, машина алуына болмайтындығы сияқты саясат да адамдардың еңбекке деген ықыласын төмendetti.

Кенестік кезеңде көмекке мұқтаж адамдарға көмек беруде ұйымдардың (пионер, комсомолдар, кәсіподақ) ролі зор болды.

Әлеуметтік жұмыс ғылымының қалыптасуы қоғамдық құрылымның өзгеріп, әлеуметтік жіктелістер туа бастағанда қажеттіліктен туды. Бұл кезең экономиканы жеделдету саясатынан басталып, одан КСРО құрамындағы елдердің Тәуелсіздікке қол жеткізуімен, нарыққа аяқ басу кезіндегі әлеуметтік қайшылықтың күшінде әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған тұбекейлі реформалар кезеңімен сипатталады. Қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтардың күшеюі әлеуметтік жұмыс мамандығын өмірге әкелді. Мұндай әлеуметтік-экономикалық қайшылықтарды АҚШ XIX ғ. аяғында, яғни капитализмнің қалыптасып, өндіріс орындарының ашылуы, халықтың елді мекендерден қалаға көшуі (урбанизация), кезеңін бастан кешірген болатын. АҚШ-та орнаған осындаиды жағдай әлеуметтік мамандықты өмірге әкелді. Қазастан экономикасы нарыққа өткен кезде совхоздардың ыдырауы, өндіріс орындарының жабылуы, ондағы жұмыс көзінен айырылған жұмысшылар мен қызметшілердің күнкөріс көзін іздел қалаға қарай ағыла бастауы (урбанизация), бұл қаладағы жұмыссыздар мен баспанасыздардың, ұры-карының, нашақорлардың санын көбейтті. Сонымен қатар адам бойындағы адамгершілік құндылықтарының жоғалуына әкелді. Қоғамдағы экономикалық өзгерістерге байланысты туған қыншылықтан Республика тұрғындарының

әлеуметтік жағдайының шиеленісінде елде өзекті әлеуметтік мәселелерді тудырды. Осы кезде елдегі қымбатшылық, жұмыссыздықтың күшеюінен Республикадағы кедейлік деңгейі 43,4% қурағанын Президент Н.Ә. Назарбаев өз еңбегінде көрсетіп кеткен [3]. Елдегі экономикалық дағдарыс тұрғындардың әлеуметтік жағдайымен қатар жас деңгейіне де әсер етті. Республика адамдарының өмір сүру жасы: «1969–1970 жылдары орта жас 70,1 болса, 2000 жылы 64 болды. Ер адамдардың орта жасы 64,1-ден 58,5-ке, ал әйелдердің орташа жасы 74,9-дан 69,9-ға дейін кеміді [4].

1990 жылдың басында елде жүргізілген әлеуметтік-экономикалық саясаттың әсерінен елдегі экономикалық-әлеуметтік жағдайың осынша құлдырауы жұмысшылардың жалақысының төмендеуіне, тамакқа бағаның көтерілуіне оған қоса шикізат көзінің жетіспеушілігінен өндіріс орындарының тоқтауы, завод-фабрикалардың жабылуы, жұмыссыздық мәселесінің тууынан тұрғындар арасында туған әлеуметтік қайшылықтарды шешу кәсіби маманның көмегін қажетсінді.

Міне, осындағы халықты әлеуметтік жағынан қорғау қажеттілігі туған кезде тұрғындардың әлеуметтік мәселелерін шешетін мемлекеттік органдар құрыла бастады. Елде жүргізілген осындағы әлеуметтік іс шаралардың нәтижесі мемлекеттік органдардың 1991 жылы жаңа мамандықтар енгізу бойынша дайындық жүргізуге септігін тигізді. Сондай жаңадан қалыптасқан әлеуметтік жұмыс мамандығының мамандары нарық кезеңінде туған экономикалық және әлеуметтік қайшылықты шешуде жеке клиентпен, топпен жүргізетін жұмысты бағдарлауға әдістемесі мен тәжірибесінің жеткіліксіз болуы жұмыссыздар, қаңғыбастар, панасыздар (бомжармен), босқындармен әлеуметтік жұмыс объектілермен жұмыс жүргізуге дайын еместігін көрсетті [2]. Кейір әлеуметтік жұмыс объектілері мобиЛЬДІК (көше, дала жұмыстары) жұмысты талап етті. Көше және дала жұмыстары ең алғаш АҚШ-да пайда болып, Еуропа елдері Австрия, Германия, Франция және басқа елдерге таралған болатын. Алайда әлеуметтік жұмыс қызметкерлерінің мұндай тәжірибелері болмады.

Әлеуметтік жұмыс маманының аздығы, тәжірибесінің жоқтығы елімізде әлеуметтік саладағы өзекті әлеуметтік проблемаларды шешу қыншылық туғызды. Қазақстанда маманданған әлеуметтік қызметкерлердің жетіспеушілігі әлеуметтік жұмыс мамандығын арнайы оқытуды қажет етті. 90-шы жылдары әлеуметтік жұмыс мамандығы бойынша студенттер даярлап, әлеуметтік жұмыс мамандығын шығара бастаган алғашқа жоғары оку орындарының бірі Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті болды.

Отпелі кезеңнің қыншылығынан шығуға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруда, әлеуметтік жұмыс қызметі әлеуметтік көмек, әлеуметтік жәрдемдесу, әлеуметтік сауықтыру, әлеуметтік түзеу, ортаға әлеуметтік бейімделу, әлеуметтік қорғау бағытында жүргізілді.

Бұл кезеңде әлеуметтік жұмыс ғылыми ғылыми-теориялық, методологиялық және құқықтық негізі жағынан қалыптасқанын тану үшін, біріншіден, басқа пәндермен қатар деңгейде болуы, екіншіден, әлеуметтік жұмыстың ториясының болуы, үшіншіден, басқа ғылымдармен өзара байланысы және орнының анықталуы. Әлеуметтік жұмыстың зерттеу объектісінің, оқылатын пәннің, әдіснамасының болуы ғылым екенін дәлелдейді.

Қазақстандағы әлеуметтік жұмыс мамандығының дамуын, ғылыми деңгейін сөз еткенде біз отандық ғалымдардың еңбегіне сүйенеміз.

Еліміздің философ және әлеуметтанушы ғалымдары әлеуметтік жұмыс мамандығы бойынша зерттеулерінің нәтижесінде, қазіргі кезде көптеген зерттеулер, монографиялар, еңбектер, ғылыми мақалалар жарыққа шықты. Жазылған еңбектер мен зерттеулердің жылдарына қарай және қарастырған мәселелер бойынша әлеуметтік жұмыстың дамуы мен қалыптасуына қарай екі кезеңге бөлуге болады:

Бірінші толқындағы авторлар: Қылышбаева Б. Н. «Социальная адаптация женщины к современным рыночным условиям» (1994 ж.), Хамзееев Б. «Қазақ халқының қоғамдық ой дамуындағы адам проблемасы» (1996 ж.), Жаназарова Ж. З. «Социальный анализ структуры взаимоотношений современной семьи» (1997 ж.), Көшербаев А. Б. «Социальные причины преступности» (1999 ж.), Абжалиева А. Т. «Урбанизация и ее социальные последствия» (2000 ж.), Байтен А. Ж. «Әлеуметтік жұмысты ұйымдастырудың негізгі принциптері» (2001 ж.), Б. Қылышбаева «Әлеуметтік жұмыстағы ұйымдастыру, әкімшілік және басқару» (2001 ж.), Демеуова М. Е. «Қайырымдылық – әлеуметтік институт ретінде» (2002 ж.), Қожамқұлова Л. Т. «Әлеуметтік жұмыстың қайырымдылық ролі» (2003 ж.), «Социальная работа города: принципы и направления» (2003 ж.), «Социальная работа как социальный институт: мировой опыт и Казахстан» (2003 ж.), Қожамқұлова Л. Т., Демеуована М. Е. «Әлеуметтік жұмыстағы қайырымдылықтың ролі» (2003 ж.), Сәрсенова Ж. Н. «Әлеуметтік жұмыс»

(2004 ж.) т.б. зерттеулері мен еңбектерінде адам проблемасының туузы, халықтың нарыктық экономикага бейімдеге бастауы, жана замандағы отбасы мәселелері, қылымыстың шығу себептері, әлеуметтік жұмыстың үймадастьру оның қызметтері мен түрлөрі, баскару жөнінде және әлеуметтік жұмыста шетелдік тәжірибелер қарастырылған.

Екінші толқын авторлары: А. Н. Агафонов, Т. Менлібаев «Жастармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс» (2005 ж.), П. Б. Исахова «Қазақстан Республикасында халықтың әлеуметтік корғау жүйесін қаржымен қамтамасыз етудің басымдықтары» (2007 ж.), Әженов М. С., Садырова М. С. «Социальная структура общества» (2007 ж.), Түркпенова С. Ж. «Процесс социальной и профессиональной адаптации молодежи Казахстана на современном этапе» (2008 ж.), Шеденова Н. У. Институционализация на социально-трудовых отношениях» (2008 ж.), Ж. М. Байғожина «ХХ ғ. басында әлеуметтік қызметтің алғашқы мектептерінің пайда болуы» (2008 ж.), А. А. Калиева «Социальная адаптация пожилых людей к современным условиям» (2010 ж.), А. А. Тынышбаева «Социальная поддержка детей в Казахстане: социологический анализ» (2010 ж.), М. М. Мырзабай, А. К. Смагулов, К. К. Тазабекова, В. Г. Аяганов, М. С. Садырова, Е. Ю. Садовская, Д. Э. Бейсенбаев, Ш. Қ. Қарыбаева Қ. Қ. Пірімжарова «Еуразиядағы әлеуметтік жұмыстар»: оку құралы (2011 ж.), А. Саттыбаева «Қамқорсыз қалған балалармен әлеуметтік жұмыс», Т. Е. Тұмашбай, А. О. Амантаев «Әлеуметтік жұмыстың қалыптасуындағы негізгі кезеңдер» мақаласы, П. О. Әбдікерова «Әлеуметтік жұмыс және қоғамның гуманистік даму перспективалары» (2010 ж. конф.). және т.б. белгілі бір әлеуметтік топтармен әлеуметтік жұмыс жүргізуіндегі технологияларын, әдіс-тәсілдерін, қарттар мәселесі, әлеуметтік жұмыс терминологиясын жасау, тұрғындарды әлеуметтік корғау, қамсыздандыру мәселесін көтерумен қатар, жастармен жұмыс жүргізуіндегі әдістерін жан-жақты зерттеп, зерделегенін көруге болады әлеуметтік жұмыстың жүйесін, принциптері, технологиясын, бағыттарын, әдіс-тәсілдерін қарастырған.

Еліміздің әлеуметтік саясатының дұрыс жүргізуінде басты орын алатын әлеуметтік саладағы заңдар.

Қазіргі таңда қоғамның барлық саласы бойынша, соның ішінде әлеуметтік салада реформалар жүзеге асырылып келеді. Еліміздегі қабылданған әлеуметтік заңдар халықтың әлеуметтік жағынан қорғауға, қолдауға бағытталуы керек. Әлеуметтік мемлекет бірінші кезекте халықтың әлеуетіне көніл бөліп, мұқтажын қанағаттандыруға әрекет етеді. Отандық ғалым Р. Абсаттарова: әлеуметтік мемлекет – дейді – әр адамды материалдық жағынан қамтамасыз етуге, қоғамда болатын теңсіздіктерді болдырмауға тырысады, өзінің қызметін азаматтардың қоғамдық белсенділігімен байланыстыру міндеттін көрсетеді [5], деп әлеуметтік мемлекетке сипаттама берген.

Біздің елімізде ғана емес, әлемде болып жатқан экономикалық дағдарыстан тұрғындардың көмекке зәрулігінің кебейтуде әлеуметтік жұмыс мамандығына деген сұранысты арттыруда.

Елімізде тұрғындарды әлеуметтік жағынан қорғау, қолдау үшін жүргізіліп жатқан әлеуметтік реформалар, бағдарламалар мен құжаттар қабылдануда. Елде қабылданған заңамаларға сүйсне отырып, қабылданған бағдарламаларды іске асыру барысында көптеген әлеуметтік мәселелер жүзеге асырылды және асырылып жатыр. Алайда әлемдегі халық санының өсуі, экономиканың дамуы, қоғамдағы өзгерістер әлеуметтік заңдармен, нормалардың өзгеріп, толықтырылып тұруы заңды.

2012 жылғы шілдедегі мақаласында Президенті Н.Ә. Назарбаев – әлеуметтік салада ескірген әлеуметтік заңнамаларға толықтырулар мен өзгерістер енгізу қажеттілігін атап өткен болатын [1]. Себебі Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі заңдар сол кезеңдегі жағдайға байланысты қабылданғандықтан, қазіргі экономикалық даму кезеңінде халықтың қорғауға, қолдауға әлсіздік танытып келді.

Мемлекеттің стратегиялық дамуындағы басты құжат 1997 жылы қабылданған «Қазақстан – 2030» бағдарламасының басым бағыттарының бірі елімізді әлеуметтік мемлекетке айналдыру және кедейшілік пен жұмыссыздықпен күресу, ауқаттылар мен кедей топтар арасындағы айырмашылықты жойып, орта тап күру мәселесі көтерілген болатын.

1992 жылы елдегі жұмыссыздар саны 1281 мың адамның 71% әйелдерді құраған болды [6]. Бұл отбасылық мәселелерге де теріс әрекетін көрсетті. Өз бетімен жұмыс істеп табыс табу қажеттілігі туғандықтан, жұмыссыз қалған жұмысшылар қолдан келген шаруамен айналысып, еңбек тәжірибесінен өтуде өз қабілетліктерінің арқасында бизнесмендерге айналып елдің экономикасының дамуына, халықтың әл-ауқатын аз да болса көтеруге үлестерін қости.

2000 жылы жұмыссыздықтың салдарынан кедейшіліктің көбеюін тоқтату мақсатында, жұмыссыздарға жұмыс мәселесін шешуге жәрдем беру бағытында, үйсіз қалғандарға көмек беріп, әл-

ауқаты төмендеп кеткендерге атаулы көмек қарастырып әлеуметтік қолдау көрсетудің іс шараларын қамтыған үкіметтің «кедейшілікпен, жұмыссыздармен куресу бағдарламасы» қабылданып іске асырылды. Елде әлеуметтік тұрақтылық орнату мақсатында үкіметтің іске асырған бағдарламаларының нәтижелілігінің арқасында кедейшілік 2008 жылмен салыстырғанда 3,2 есе 2011 жылмен 5,3%; 2012 ж. 3,8% азайған. Қоғам дамуындағы әлеуметтік жағдайды реттеу әлеуметтік жұмыстың материалдық базасымен қатар, қоғамдағы әлеуметтік саясаттың мәніне де байланысты. Мемлекет жүргізіп отырған әлеуметтік саясат халықтың белгілі тобына көмек көрсетуді ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік мәселелерді: жұмыссыздықтың, нашақорлықтың, қылымыстың тууын, отбасының тұрақтылығын алдын алуды қарастыруды қамтиды.

Мемлекеттің жүргізіп отырған әлеуметтік саясатының жетістігі халықтың материалдық, әлеуметтік қажеттілігін қамтамасыз етілуімен бағаланады. Заманның талабы әрбір азамат өзінің әлеуметтік белсенділігін арттыруды, жауапкершілікті қажет ететін шараларға көніл бөлуді, әрбір адамның жақсы өмір сүруіне үмтүлүүн қажет етіп отыр.

Қоғам дамыған сайын, экономикалық әлеуметтік қайшылықтар болып тұрғанда әлеуметтік жұмыс мамандығына сұраныс артып, қажеттілік күшей түседі.

ӘДЕБІЕТ

- 1 Назарбаев Н.Ә. Жұмыспен қамту – 2020 бағдарламасы». «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» // Егемен Қазақстан. – 2012, шілде.
- 2 Қожамқұлова Л.Т. Демеуова М.Е. Әлеуметтік жұмыстарға қайырымдылық ролі. – Алматы, 2003. – 142 б.
- 3 Назарбаев Н.Ә. Фасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1997. – 269 б.
- 4 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамууның стратегиясы. – РЖИ. Дәуір. – Алматы, 1992. – 17 б.
- 5 Әбсаттарова Р. Әлеуметтік мемлекет: мәні мен анықтамасы // Ақиқат. – 2004. – № 5. – 20 б.
- 6 Тулеев Ж.М. Қазақстандағы кедейлердің әлеуметтік құрылымы және кедейшілікті төмendetу жолдары. – Алматы, 2010. – 122 б.

REFERENCES

- 1 Nazarbaev N.Ә. Zhұмыспен қамту – 2020 bardarlamasy». «Қазақstannuң әleumettik zhaңғyrtylyu: Zhalpyғa Ortaқ Eңbek Қoғamyna қaraj 20 қadam». Egemen Қazakstan. 2012, shilde.
- 2 Қozhamқұlova L.T. Demeuova M.E. Әleumettik zhұmystary қajugyrmudylyk roli. Almaty, 2003. 142 b.
- 3 Nazarbaev N.Ә. Fasyrlar torysynda. Almaty: Өner, 1997. 269 b.
- 4 Nazarbaev N.Ә. Қazakstannuң egemendi memlekет retinde қalypatasuy men damuupuң strategijasy. RZhI. Dəuir. Almaty, 1992. 17 b.
- 5 Әbsattarova R. Әleumettik memlekет: mәni men anuqtamasy. Aқiқat. 2004. № 5. 20 b.
- 6 Tuleev Zh.M. Қazakstandary kedejlerdiң әleumettik құrylymy zhәne kedejshilikti tөmendetu zholdary. Almaty, 2010. 122 b.

Резюме

III. O. Бидашова

(Казахский государственный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан)

ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЫ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В статье рассматривается формирование и развитие специальности социальной работы, направленной на повышение уровня жизни населения потерпевших социальной трудности из-за социально-экономических, политических изменений в стране конце XX веках.

Ключевые слова: социальная работа, закон, программа, экономика, технология, специальность, социальная политика, социальная защита, социальная проблема.

Summary

Sh. O. Bidashova

(Kazakh state women's pedagogical university, Almaty, Kazakhstan)

SOCIAL WORK FORMATION IN REPUBLIC KAZAKHSTAN

The article deals with the formation and development of the specialty of social work aimed at improving the living standards of the victims of social difficulties due to socio-economic and political changes in the country of the late twentieth century.

Keywords: social work, law, program, economy, social policy, social protection, social problem.

Поступила 05.06.2014г.